



Есімбек Омарұлы Мұртазаұлы 1958 ж. 08



ӨТКЕН КҮННЕН БЕЛГІ КӨП

Қарағанды 2009 жыл



Парасатты ағаның – ғибратты өмір жолы

Әр ауылдың бетке ұстап мақтан ететін азаматтары бар. Сол ауылдағы әрбір отбасының мүшелері өздерінің өмір ағысында кіндік қандары тамған орталарынан шыққан парасатты тұлғаға еліктеп, сондай азамат болып қалыптасуды, оның жолын қуып үлгі түгуды мақтан етеді. Біздің ат төбіліндей ғана шағын ауылымыз Бұланбайда кейінгі толқын інілеріне өнегелі жол сілтеген Әбілқайыр Ахметұлы, Ғалымжан Әубәкірұлы, Халел Асқарұлы, Зейнолла Оспанұлы; Әнуарбек Жүнісұлы және тағы басқа азаматтардың қатарында солардың ізін басып бәрімізге үлгі болған ағамыз Есімбек Омарұлы Мұқанжаровтың есімі дүйім Сарыарқа жұртшылығына белгілі.

Бүгінде жеті белестен асып, жетпістің жотасына шыққан ағамыздың жарты ғасырға жуық өмірі (1965 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтын бітіргеннен кейін Қарағанды облысының Егіндібұлақ ауданына жас маман ретінде жолдама алып келген мерзімінен бастап), атқарған қызметтері алаштың ардақты азаматтарын дүниеге әкелген Сарыарқа жерімен тығыз байланысты. Табиғаты тамаша Балқантаудың баурайында орын тепкен аудан орталығы Егіндібұлақ кентінде он шақты жылдай абыройлы қызметтерді атқарып, білікті басшы ретінде мол тәжірибе жинаған жігіт ағасы облыстық партия және кеңес органдарының ұйғаруымен 1975 жылы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының экономика және жоспарлау жөніндегі орынбасары болып басшылық қызметке жоғарылатылды.

1977 жылдың ақпанында басшылық қызметтерді атқара жүріп жинақтаған тәжірибесі мен іскерлік қабылетін ескеріп Есімбек Омарұлы Мұқанжаровты Ульянов аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы қызметіне тағайындады. Осы жылдары ауданның ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібі облыста алдыңғы қатарлардан көрініп социалистік жарыстардың қорытындылары бойынша бірнеше мәрте Республика, Одақ көлеміндегі ауыспалы Қызыл Туларды жеңіп алып отырды. 1982 жылы Ульянов аудандық атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. Бұл қызметті 1990 жылдың маусымына дейін атқарып төрт мәрте облыстық халық депутаттары кеңесінің депутаттығына сайланды. Осы жылдары Ульянов ауданы құрамында алты құс фабрикасы және мал

шаруашылығы, егін, көкөніс өндірумен айналысатын он төрт ірі шаруашылықтары бар, сонымен қатар кеншілер қаласын ет-сүт, жеміс-жидек, көкөніс өнімдерімен қамтамасыз етіп отырған облыстағы ең ірі аудан болып есептелді. Есімбек Омарұлы ауданға басшылық еткен жылдар аралығында элеуметтік-мәдени саладағы, ауыл шаруашылығы өнеркәсібіндегі кешенді ғимараттардың, бой көтеріп (Сарыарқа спорт кешені, орта мектеп, құс фабрикаларының кешендері және т.б.) ауданның экономикалық жағдайын дамытуға өзіндік үлес қосқаны жұртшылықтың көз алдында.

Қай уақытта болсын өзінің қыз мінезді қалпы мен сабырлы ұстанымынан айнымайтын Есаған 20 ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы Мызғымас Кеңестер Одағының саяси жүйесін, жергілікті билік органдарындағы өзгерістерге байланысты демократиялық жаңарулардың шуақты самалы мен ызғырық салқын желін де басынан кешірді. Сол кездегі кейбір «пысық азаматтарға» еліктеп «дөкей дәделердің» ығына жығылмады. Еңбек адамдарының маңдай терімен жинаған ең дәулет қолында тұрса да құнсыз дүниеге қызығып, кейбір бастықсымақтар тәрізді еселеп байлық жинамады. Табиғат сыйлаған ерекше жаратылысына орай, өз замандастарының арасында ақыл-ойымен ел-жұртына қадірлі болған әкесі Мұқанжардың жақсы атына кір келтірмеді.

Ульянов ауданында ұзақ жылдар басшылық қызметтер атқарғаннан кейін де облыстағы жауапты жұмыстарда өзінің білікті басшы екенін көрсете білді. Облыстық мәдениет басқармасы бастығының орынбасары, облыстық шаруа қожалықтарын қолдау қорының директоры, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының маркетинг бөлімінің бастығы тәрізді қызметтерді абыроймен атқарып құрметті зейнет демалысына шықты.

Зейнетақы демалысына шыққаннан кейін де қол қусырып бос отырмады. КСРО зейнетақы қорының Қарағанды бөлімшесінің директоры, «Ұлар» зейнетақы қоры мен Қазагрополюстің Қарағанды филиалының директоры, одан беріде Қарағанды қаласындағы коммуналдық базарда директордың шаруашылық жұмыстары жөніндегі орынбасары қызметтерінде ұжымына сыйлы, дос-жарандарының арасында қадірлі болғандығын өзімен бірге қызмет атқарған әріптестерінің бәрі біледі.

Иісі қазақ баласының абыз жасы, ақсақалды белеске жеткен ағамыз әлі де болса тұғырынан таймаған сұңқардай болып ортамызда үлгі-өнеге тұтатын ақылшымыз болып жүргені біздер үшін зор мәртебе. Есағанның өмір жолында осындай абыройлы

белестерден өтіп, ел-жұртына сыйлы азамат болуына жеңгеміз Бақытжан Әжібекқызының қосқан үлесі ерекше. Мұндайда дана халқымыздың «Жаксы әйел – жарты патшалық» деген аталы сөзі ойға оралады.

Ағамыз бен жеңгеміздің ұлдары Сырым, Нұрым, Дәурен және отбасының ең кенжесі болғандықтан атына заты сай қыз баласы Еркежан заман талабына сай жоғары білім алып өз орталарында лайықты жұмыстар істеп жүр. Бүгінде осы перзенттерінен Аян, Ұлпан, Асылбек, Нұрқан есімді немерелерін сүйіп отырған ағамыз бен жеңгеміздің де отау құрғандарына қырық жыл толып, отағасының жетпіс жылдық мерейтойын тойлап отыр.

Осы еңбекті «Ұлық болса да – кішік болып» еліне адал қызметімен қоса салықалы өмірін арнаған ағамыздың жетпіс жылдық мерейтойына байланысты өткен күндерінен ескерткіш және естелік ретінде ағайын-туғандардың назарына ұсынып отырмыз.

Шалқарбек Шайкенұлы Кәрібаев, Қарағанды облыстық мәслихаты аппаратының қызметкері, Қазақстан журналистері одағының мүшесі.

Ұлағаты мол атамызға арнаймын


Адал еңбек етті туған халқына,
Ұлағатты із қалдырып артына.
Жақсылардың бізге жеткен жалғасы,
Сүйсінеміз парасатты қалпына.

Ел басқарды – тура жолдан таймады,
Ес-аға деп сыйлады ауыл, аймағы.
Үлкенге-іні, кішіге-аға атамыз,
Жетпісте де жаз айындай жайдары.

Жетпіс жастың көрінгенмен мәресі,
Әлі де көп бағындырар белесі.
Тағлымы мол, тәрбиелі ісіңмен,
Жас ұрпаққа өнеге боп келесің.

Қыз мінезді, парасатты, зиялы,
Кеудесіне барлық ғалам сияды.
Ақылшы боп ортамызда жүре бер,
Текті әулеттің, жақсылардың тұяғы.

Әнел (Жұлдыз) Шалқарбекқызы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің журналистика факультетінің студенті.



Еліне елеулі Есімбек

Өткен ғасырдың басында (1907 жылы) Малай-Керейден тараған Бұланбай ұрпақтары Ресейдің жер мәселесі жөніндегі реформаторы ретінде тарихта аты қалған Столыпіннің салқын саясатының салдарынан Сарыкөл (Қазіргі Омбы облысының Полтавка селосы) маңынан бес шақырым жердегі Қазыбек ауылынан Өсіп қажы Самайұлының ұйғаруымен көгілдір Көкше өңіріндегі Өгізөлген шоғының бауырына орналасады. Сонау Ебейті сорынан бастап Үлкен Қараой мен Кіші Қараойдың төңірегін мекендеген бұл елдің топырағынан Алаштың ардақты азаматтары Смағұл Садуақасов, Ғаббас Тоғжанов, мемлекет және қоғам қайраткерлері Жұмабай Шаяхметов, Мұқан Айтпенев, Фазыл Кәрібжанов, Нариман (Нармамбет) Төлепов шыққан.

Міне, осы күнгі Солтүстік Қазақстан облысының (бұрынғы Көкшетау) Қызылту ауданындағы Жарқын ауылдық кеңесіне қарасты Бұланбай ауылында елге сыйлы азамат Мұқанжар Омарұлы мен Қамила Нұржасарқызының шаңырағында 1939 жылдың 2 мамырында оныншы бала дүниеге келіп оны Есімбек деп атайды. Отбасындағы он екі баланың бесеуі жастай шетінеп, қалған жетеуінің бірі ол алдыңғы ағаларының өнегесін, елдегі көнекөз қариялардың шежіре-әңгімелерін естіп, зердесіне тоқып, құйма құлақ болып өседі. Басқа салған ауыртпалықты да көппен бірге көтереді. Екі жасқа аяқ басқанында Ұлы Отан соғысы басталып, бірге туған ағасы Мұқамеджан, әкесінің інілері Дүбәкір, Сыздық, Кенже, Кәрібай соғысқа және еңбек армиясына алынады. Солардан Мұқамеджан хабарсыз кетсе, Кенже мен Сыздықтан 1944 жылдың тамыз айында Отан үшін мерт болды деген қаралы қағаз келеді. Енді ғана сегізге толған шағында қайран әкесі қайран әкесі небәрі 51 жасында көз жұмады. Бұл кез оның жоғарыдағы Полтавкада орыс мектебінде оқып жүрген мезгілі. Өздерін өсіріп-

бар қиындығы аяулы анасының иығына түсіп, жарықтық немерелерін көріп, бертінде өмірден өтті.

Орысы қалың ортада оқыған Есімбек бұл мектепті күміс медальмен аяқтайды. Барлық сабаққа, әсіресе есепке жүйрік бозбала отбасы жағдайына қарайлап, үш жылдай кеңшарда жұмысшы болып, 1960 жылдың жазында жолдамамен Цеоиноград ауыл шаруашылық институтының ауыл шаруашылығының экономикасы және ұйымдастыруы факультетіне оқуға түседі. Институттағы бес жыл да әнеміне дегенше зыр етіп өте шығып, ғалым агроном-экономист мамандығын алған жас жігітті Қарағанды облысының шалғайдағы Егіндібұлақ ауданындағы Абай атындағы кеңшарға жібереді. Осында агроном болып істей бастағанына үш ай да толар-толмаста аупарткомның сол кездегі бірінші хатшысы Мыңжасар Әдекенов шақыртсын. Ол бір уақытта Қу ауданы атанып, жабылып қалып, қайыра ашылған ауданға маман кадрлардың жетіспей жатқанын алға тартып, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары болуды ұсынады. Білімді де, жігерлі жас бұл қызметтен бас тартпай, бірден келісті. Марқұм Мыңжасар мен өзінің тікелей бастығы Қосман Нұрділдин, аупартком хатшысы Қасымбек Медиев бұдан қолдан келген қамқорлығын аямай, үнемі ақыл-кеңестерін айтып, іс-тәжірибелерін үйретуден жалықпайтын.

- Шын мәнінде олар маған ұстаз, тәлімгер болды.

Кейіннен аупарткомның бірінші хатшысы болған Нарманбет Садықовтан да жұртпен қарым-қатынас жасау, ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастыру және басшылық етудің қыр-сырына қанықтым-дейді сол күндерін еске алғанда Ескең ілтипатпен.

Айтса, айтқандай, біраз жылдар Егіндібұлақ аудандық партия комитетін басқарған Нарманбет марқұм өте білікті, парасатты, әр нәрсені ақылмен ойлап шешетін, жастарға қамқорлығы көп адам болғанын ел іші әлі күнге жыр етеді. Ол ауданның мал және егін шаруашылығында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуі мен облыста алдыңғы қатардан

көрінуіне қомақты үлесін қосып жүрген іскер мамандарды үнемі көтермелеп, қызметте өсіріп отыратын. Сол кісінің шапағатымен 8 жылдан соң, яғни 1973 жылы Есімбек Омарұлы (түсінікті болуы үшін айтсақ, Ескеңнің аты-жөнінде - әкесі – Омар, фамилиясы Мұқанжаров болып жазылған) аупарткомның ұйымдық-партиялық жұмыстар бөлімінің меңгерушілігіне бекітіледі Бұған дейін ұланғайыр өңірдің кеңшар, қыстақтарын аралап, ат үстінде жүретін ол бұл жұмысын да 2 жыл бойы абыроймен атқарып, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасарлығына тағайындалады.

«Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық» дегендейін, бүгінде жетпіс жасқа толғалы отырған Есімбек ағамыз алғаш еңбек жолын бастап, Егіндібұлақта өткізген он жылын қашанда сағынышпен, аса бір жылы сезіммен еске алып отырады. Өйткені жастық жалынмен еңбек еткен бұл уақыт та жеміссіз өткен жоқ. 1966 жылы партия қатарына қабылданып, бірнеше мәрте аупартком мүшесі, аудандық Кеңестің депутаты болып сайланып және бірінші рет «Үздік еңбегі үшін» медалімен марапатталғаны да осы кезең. Бақытын да осы жерден тауып, 1968 жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бақытжамалмен көңіл жарастырып, отау да құрған еді.

Қарағандыға қызметі ауысып келген шақта енді бұрынғыша аудан емес, облыс аумағындағы ауыл шаруашылық саласының қат-қабат міндеттері мойынға артылған. Партияның съездері мен пленумдарының шешімдерін, Орталық Комитетінің қаулыларын, бесжылдық жоспарларын орындау қай коммунистен болсын жауапкершілікті талап ететін. Сол сыннан да абыроймен өткен бұған Ульянов (қазіргі Бұқар жырау) аудандық ауыл шаруашылығы басқармасын басқару ұсынылды. Орынбасарлықтан гөрі өз алдына жеке басшы болудың салмағы да ауыр, әрине. Бірақ ысылып, төселген саланың жұмысын ілгерілетіп, өрге бастыруда аса қинала қоймады. Ауданда мал басы мен құстың саны өсіп, жыл сайын дәнді

дақылдар және картоп егістіктерінен жақсы өнім жиналып, тұрғын үй мен әлеуметтік нысандар құрылысы да қарқын алды. Ауыл шаруашылығының көрсеткіштері жөнінен аудан облыста алғы сапта көрініп жүрді. Ақшаға шаққанда ульяновтықтар облыста өндірілетін осы өнімдердің төрттен бірін беріп тұрды. Бұл істе ол әр жылдарда облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы болған Я.Пазенко, А.Ермоленко, сол кездегі обком хатшысы Әбдуәли Спанов, облатком төрағалары Жақыпбек Жанғозин, Сұлтан Досмағамбетов, Зәйкен Іңкәрбаевтан үлкен қолдау көрді. Осы лауазымында бес жыл және одан кейін 1982-1990 жылдар аралығында халық депутаттары Ульянов аудандық кеңесі атқару комитетінің төрағасы болған жылдарында да аупарткомның бес бірдей бірінші хатшысымен – А.Босенок, В.Мирза, А.Беляев, В.Елизаров, В.Сорокинмен өзара тіл табысып, түсіністікте, ауыз бірлікте жұмыс істеді. Мәселенің мән-жайын терең білетін, асып-таспайтын қарапайымдылығы, кішіпейіл мінезі ел-жұрттың құрметіне бөледі. Соның нәтижесінде мұнда да аупартком мүшелігіне, аудандық кеңестің депутаттығына әлденеше сайланып, «Құрмет белгісі» ордені мен «Еңбектегі ерлігі үшін» медалін өңіріне тақты. Бұдан басқадай мерекелік және «Еңбек ардагері» медальдары да бар.

Ауатком төрағасы болған кезеңде атқару комитеттері бұрынғыдай депутаттардың, тұрақты комиссиялардың жұмысын ұйымдастырудан арылып, өзінің басты міндеті – кеңестердің бағдарламаларын жүзеге асырумен, ауыл-селолардың, шаруашылықтардың, кәсіпорындардың әлеуметтік-экономикалық жоспарларын орындаумен айналысуға көшкен-ді. Ал, бұл кезеңде ауданда 19 кеңшар, 6 құс фабрикасы бар еді. Осылардағы халықтың тұрмысы мен әл-ауқатын арттыру, шаруашылықтарды өркендету ісі қарқын алып, өз нәтижесін көрді де. Сөйтіп 8 жылы осылайша тынымсыз тірлікпен өткен ол одақ тарар алдындағы 1990 жылы мамандықна сәйкес келмесе де, ұйымдастырушылық қабілеті бар Есімбек Омарұлы

облыстық мәдениет басқармасы бастығының орынбасары қызметін 1 жылдай атқарып, қашан 1997 жылы зейнет демалысына шыққанша біраз жұмыстардың басын шалды. Атап айтқанда, зейнетақы қоры облыстық бөлімінің меңгерушісі, облыстық шаруа қожалықтарына көмек көрсету қорының директоры, облыстық ауыл шаруашылығы маркетинг бөлімінің директоры лауазымдарында болды. Әйтсе де, зейнет демалысында болса да, үйде бос отыра алмай, бірқатар зейнетақы қорларының директоры, содан соң 5 жылдан аса Қарағандыда тұңғыш ашылған коммуналдық базар директорының орынбасары қызметтерін атқарып, аталған сауда орнының жұмысын ұйымдастырып, жолға қоюда аз күш жұмсаған жоқ.

Еңбегімен еліне елеулі, халқына қалаулы бола білген Ескең бүгінде қаланың дәл іргесіндегі Үштөбе ауылында тұрып жатыр. Бақытжамал апай екеуі төрт бала өсіріп, немере сүйіп отырған ата-әже. Балаларының үлкені Сырым адвокат та, Нұрым, Дәурен, Еркежаны заман ағымына қарай түгелімен кәсіпкер.

... Міне, киелі Көкше жерінен қазыналы Қарағанды өлкесіне жас жігіт болып келіп, абыройлы қызмет етіп, ертеңдері жетпіс жасқа толатын Есімбек ағамыздың өнеге боларлық өмір жолы осындай.

**Ержан Имаш. «Орталық Қазақстан» газетінің тілшісі
Үштөбе аулы, Бұқар жырау ауданы.**

(Осы мақала облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің 2009 жылғы 28 сәуірде шыққан №62 (20 646) санында жарық көрді)

ЕСІМБЕК АҒАҒА

«Елін ері танытады» деген екен әу заманда бабалар,
Тұлға – адамнан, азаматтық тектен ғана жаралар.
Құтты болсын қария жас жетпісіңіз Ес-аға,
Атаң бөлек болса дағы – туысыма пара-пар!

Туған жерің керім Көкше – кие қонған ежелден,
Алашыма әкеп берген талай ұлды кемеңгер.
Тарихыма із қалдырған Ұлы өлкенің ұланы,
Қу тауына күйеу бала, Ботақара қыраны
Жас кезінде талай қыздың бола білген жыр-әні,
Қызмет қып талайларға аға болған сыралғы,
Қаржастың да келіп отыр сәлем беріп құланы.

Асыл Аға, ел алдында біраз енбек сіңірдің,
Ашу қысып жатса дағы ақылменен кідірдің.
Өзіңізді ренжітсе де, кемітсе де пандықпен,
Тұра білдің қажырланып еменіндей Сібірдің.


Жетпісінде тіледім мен Асыл Аға, саулықты,
Қасыңызда жүре берсін Бақыт апай – жар мықты.
Бала-шаға аман болсын, тірек болсын сіздерге,
Қу дүние аулақ қылсын отбасыңнан тарлықты.

Ұрпақтарың аман болсын, есен болсын, әмәнда,
Өзіңізден аса берсін бауырың да балаң да.
Жұрттың бәрін дүрліктіріп, мас қылып,
Туған күнді жасай ма екен кризис қысқан заманда.

Келген екен туған жерден бауырларың, достарың,
Өте шықты тойыңыз да екі күнде қас-қағым.
«Болғанынан боладысы қызық тойдың» деген сол,
Өмір жасың ұзақ болсын, ашық болсын аспаның.

Аман болсын елің-жұртың, туған-туыс, балалар,
Өмірдегі бар қызығың болып солар саналар.
Сары ұлы ерке-сұлу Көкшенің,
салиқалы ақсақалы Арқаның,
Желеп-жебеп жүрсін Сізді аруағымен бабалар.

*Ақ ниет, ізгі тілекпен,
Амангелді Жарылгасынұлы Жүнісбек.*



Басшы болу қиындығы көп жұмыс,
Қысы-жазы, күндіз-түні бір үрдіс.
Сәл босатсаң ұстап тұрған тізгінді,
Бойдан кетер жинап тұрған қуат-күш.
(Е.О.Мұқанжаров)

Асыл текті ағалар

Ұлы Отан Соғысының отты жылдары Кеңестер Одағын мекендеген халықтар үшін аса ауыр кезең болғаны тарихтан белгілі. Бұл нәубет қазақ халқының да сан мыңдаған боздақтарын оқ пен оттың өтіне айдап, көпшілігі майдан даласынан оралмады. Әр шаңырақтың бас көтеретін азаматы, болашақта бір елдің кеменгер тұлғасы болуға лайық ардақтылары адамзат баласына қауіп төндірген зұлмат соғыстың құрбаны болды. Сондай боздақтардың қатарында Мұқамеджан Мұқанжарұлы мен Кенже Омарұлының майдан шебінен елге сағынышпен жолдаған хаттары аса назымды өлеңмен жазылған еді. Өзі қауіп-қатердің бел ортасында жүрсе де Кенже ағамыздың Польша жерінде жүріп небары он тоғыз жасында көптен хабарсыз кеткен інісі Мұқамеджанды ойлап, «...Хаты жоқ Қаражанның деген сөзге, жабырқап көңіл шіркін тұрады да» деп мұң шертуі бауырына деген шексіз мейірімі мен туысқандық махаббаты. Ал, Мұқамеджан Мұқанжарұлының «...Екі жақ жан аямай атысқанда, түтінге қою шаң кеп араласты.» немесе «...Жау да, атты біз атқан соң жан аямай, талайы құлап жатыр небір ердің» деп соғысты шынайы суреттеуі олардың Отан үшін өмірлері қыршынынан қиылмағанда алдағы уақытта қандай азамат болатындығын байқауға болады. Сонау Ебейті сорынан бастап Үлкен Қара Ой мен Кіші Қара Ойдың төңірегін мекендеген елдің топырағы Алаштың ардақты азаматтары Смағұл Садуақасов, Ғаббас Тоғжанов, мемлекет және қоғам қайраткерлері Жұмабай Шаяхметов, Мұқан Әйтпенев, Фазыл Кәрібжанов, қазақтың өз алдына ел болуын армандағаны үшін еңбектері осы күнге дейін бағаланбай келген, нәубет заманның қуғынына түсіп, есімдері еленбей келген Зейінлғабиден Омсқауи, Омар Сансызбаев сынды тұлғаларды дүниеге әкелген қасиетті топырақ екенін кейінгі толқын жастарға айтып кетуіміз бәріміздің де міндетіміз. Кенже Омарұлы мен Мұқамеджан Мұқанжарұлы

осындай арыстардың соңынан еріп, көзін көрген тұлпарлардың тұяғы іспеттес еді.

Бірақ олардың өмірін Соғыс жалмады. Біз осы азаматтардың соғыс өртінің ортасында жүріп туған еліне сағынышты жолдармен жазылған өлең-хаттарын ағайын-туғандардың естеріне алып жүруі үшін көпшіліктің назарына ұсынуды жөн көріп отырмыз.

Мұхамеджан Мұқанжарұлы

1923 жылы Қызылту ауданының Бұланбай ауылында дүниеге келген. 1942 жылдың мамыр айында Қызылжар қаласынан майданға аттанған. 1941 жылдың қазан айында Мұқанжар Омарұлының бірге туған інілері Әубәкір, Сыздық, Кенже, Кәрібай да майданға және еңбек армиясына алынды. Мұхамеджан Мұқанжарұлы Серпухов қаласында госпиталдан сауығып шыққаннан кейін қайтадан майдан шебіне алынды. Елге жазған соңғы хаты 1943 жылы қазан айының соңында келді. 1943 жылы қараша айының басында Кеңес әскерлері Киев бағытында жойқын шабуылға шыққан кезде хабарсыз кетті.

Мына өлең жолдары 1942 жылдың тамыз айында алғаш майдан шебінде оқ тиіп жараланып, Серпухов қаласында госпитальде жатқанда елге жазған хаты.

Сырымды баян еттім сұрағанға,
Біз қалай кірген едік ұлы дауға.
Жылында қырық екінші август айы,
Кездестік немістермен соғысуға.

Жаяулар жауға шапты айғай салып,
Окопта командамен жата қалып.
Немістер алдымызда үш жүз метр,
Келемін винтовканы қолыма алып.

Ерегес, айғай-шудың қызған кезі,
Сағат та кешкі беске жақындады.
Екі жақ жан аямай атысқанда,
Түтінге қою шаң кеп араласты.

Егіннің ішін ала жатып едім,
Аянбай винтовкадан атып едім.
Жау атты – біз атқан соң жан аямай,
Талайы құлап жатыр небір ердің.

Оқ тиді бел омыртқа үстін ала,
Қан ағып алақандай болды жара.
Келемін санчастьты іздеп ақсай басып,
Жалғыз-ақ қуат берсін хақ тағала.

Таба алмай госпитальді адастық біз,
Сағат та түнгі он екі болғандай кез.
Кездесіп алдымыздан қазған окоп,
Келдік те сол араға түнедік біз.

Түн бойы жара қақсап ауырады,
Сөйткенше таң сарғайып атып қалды.
Бір кісі бізге келіп жолықты да,
Подводпен госпитальге әкеп салды.

Көргенді айта берсең ол бір қызық,
Қағазға соның бәрін алдым сызып.
Начальник госпитальдің приказымен,
Келеміз пароходпен суда жүзіп.

Оканың аққан бойы қалың ағаш,
Ғажайып табиғаты көзің тоймас.
Пароход келді тоқтап Серлуховқа,
Бұл жерді жамандаған адам оңбас.

Қоршаған ну қарағай қала сырты,
Төрт этаж қызыл үйге әкеп тықты.
Жатырмын тілеп өмір жолдастармен,
Алдағы кім біледі көрешекті.

Кейбіреу туған жерін мадақтайды,
Әрбір жас құрбы сөзін ардақтайды.
Тағы да кейбіреулер түсін жорып,
Өмірін таразылап салмақтайды.

Ендеше сол жастардын біреуі мен,
Іздесе табылмай ма маған да тең,
Ел үшін құрбан болсаң арманың не,
Артымда Шайкенжан бар етегім кең.

Әубәкір, Сыздық, Кенже, Кәрібай аға,
Ағатай ауыр емес менде жара,
Болған соң сүйек аман ешнәрсе етпес,
Қорықпаңыз қосылармыз біз де жанға.

Осымен жұрт тізбегі тоқтасын да,
Есте жоқ бір өзеннің жағасында.
Соғыста он бес күн боп жараландым,
Майданның Брянск даласында.

Денесі жерде қалды талай ердің,
Сонда да тойымы жоқ қара жердің.
Кезінде бір-бір елге не болған,
Қаншасы мерт болды ғой кемеңгердің.

Тамаша жастық дәурен өткенің бе?
Дәл биыл он тоғызға жеткенімде.
Не көрдім бұл өмірде жастық шақта,
Арманда жастық дәурен кеткенің бе?

Жасады кім қиянат өміріме,
Мен де мәз бір күн қызық көргеніме.
Алпыс жас жасаған да армандайды,
Қалай дерт орнамасын жүрегіме.

Мұқамеджан Мұқанжарұлы

1942 жылы тамыз айында Брянск майданынан алғаш жараланып, Серпухов қаласындағы госпитальда жатқанда елге жазған хаты.

Кенже Омарұлы (1906-1944)

1906 жылы Қорған болысына қарасты «Өгізөлген» шоғының (қазіргі Бұланбай ауылы) бауырында дүниеге келді. 1928-1941 жылдар аралығында ауылдық кенестің төрағасы, колхоз басқармасының есепшісі сияқты қызметтерді атқарып жүріп 1941 жылы күзде Қызыл әскер қатарына шақырылды. 1944 жылы тамыз айының 20 жұлдызында Белоруссияның шекарасына жақын Польша жерінде қаза тапты.

Польшаның жері құмды аққан бұлақ,
Ел-жұртым тындасаңыз салып құлақ.
Құлақпен естігенді көзбен көріп,
Біз жүрміз осы күні елден жырақ.

Жәмилә майда жазған хатыңды алдым,
Оқуға құмарланып көзім салдым.
Ішінде әр сөзіңнің інжу-маржан.
Құс болып ондағыны теріп алдым.

Беларусь ағып жатқан бұлағы мол,
Хатыңның әрбір сөзі құлағымда.
Хаты жоқ Қаражанның деген сөзге,
Жабырқап көңіл шіркін тұрады да.

Кенже ағамыз да, ауылдың өзге адамдары да Мұқамеджанды Қаражан деп атаған. 1944 жылы тамыз айында елге жазған осы хатынан кейін көп ұзамай 1944 жылдың 20 тамызында Прибалтика жерінде қаза тапты.

Жеңгелерім Жамал, Көпей, Қамила,
Бауырларым Рабиға мен Сәлима.
Кәмәл келін бір Аллаға тапсырдым.
Хаттарың жоқ, хабарың жоқ не хал да.

Құлындарым Ғазиз, Шайкен жеткіншек,
Жетілгенше көрерсіндер көп бейнет.
Басқа түскен мехнатқа шыдаңдар,
Соның бәрі болар түбі бір зейнет.

**Біз көрерміз заман басқа салғасын,
Мені ойлап көңіл алаң болмасын.
Қылшылдаған талай қыршын өмірді
Қиса дағы оқ қып құйған қорғасын.**

**Мұны жазған атым Кенже сағынып,
Үстімізге қару-жарақ тағынып.
Бауырларым бәрін дағы аман бол,
Кездесетін күнге жазсын зарығып.**

1943 жыл. Воронеж майданында жазылған хат.

Қаза болған жері Литва ССР-і, Шауляй уезі, Пурвиня селосы. Қара қағазға қол қойғандар 106 атқыштар полкінің командирі подполковник Гетман, штаб бастығы капитан Митченко.



Жақсы азаның зибратты өмірі

«Атқа міндім дегенше ажалға міндім» деп ойландар балалар немесе «Қызметті сендер іздемеңдер, қызмет сендерді өзі іздеп тапсын».

Бұл өзімнің ағам Шайкен (азан шақырып қойған есімі Шаһизада) Мұқанжарұлы Кәрібаевтың бала кезімізде бәріміздің де құлағымызға сіңірген өсиеті болатын. Ағай өз ортасына сыйлы, ағайынға қадірлі, елге тұтқа бола білген азамат болды. 1927 жылдың тамыз айында Қызылту ауданы, Жарқын ауылдық кеңесіне қарасты Бұланбай ауылында иісі Малай – керей руының сыйлы азаматы болған Мұқанжар Омарұлының отбасында дүниеге келген ол кісі тумысынан зерек болды. Мұқанжардан Шайкенмен бірге Мұқаметжан, Ескендір, Есімбек есімді ұлдар мен Балқия, Марфуға есімді қыздардан өрбіген ұрпақтар Ақжар ауданының ғана емес, кең байтақ республикамыздың әр қиырында лауазымды қызмет атқарып, адал еңбек етіп жүр.

Өткен ғасырдың басында (1907 жылы) Бұланбай ұрпақтары патшалық Ресейдің жер мәселесі жөніндегі реформаторы ретінде тарихта аты қалған Столыпиннің салқын саясатының салдарынан Сарыкөл (Қазіргі Омбы облысының Полтавка селосы) маңынан бес шақырым жердегі Қазыбек ауылынан Өсіп қажы Самайұлының ұйғаруымен «Өгізөлген» шоғының бауырына орналасты.

Шайкен аға осы ауылда бастауыш білім алып, жеті жылдық сыныпты Жарқын ауылында бітірген жылы сұрапыл соғыс басталды. Туған ағасы Мұқамеджан, әкеміз Мұқанжардың туған інілері Әубәкір, Сыздық, Кенже, Кәрібай соғысқа және еңбек армиясына алынды. Мұқамеджан соғыста хабарсыз кетсе, Кенже мен Сыздықтан 1944 жылдың тамыз айында «Отан үшін мерт болды» деген қаралы қағаз келді.

Асқар таудай арқа сүйеген ағаларының қырыққа да жетпеген қылшылдаған жасында Отан үшін жан қиюы он жеті жасар балаң жігітті бір күннің ішінде есейтіп жіберді. Жаратылысынан ақынжанды, ән мен жырды сыйлап өскен және өзі де құлаққа жағымды қоңыр дауысымен домбыраның сикырлы үніне қосылып ауыл арасындағы жиын-тойларда әншілік өнерімен көзге түскен жігіт ағасы, байтақ елдің ақылшысы бола білген ағам, сол

жылдардың ауыртпалығын мынадай өлең шумақтарымен суреттейді:

...Он жетіде жігіт болдым жаралы,
Ағалардың қайғысы өткен қаралы.
Сондықтан да жастық дәурен хош дедім
Жазу үшін жүректегі жараны.

Ол соғыс қой жара салған жүрекке,
Талайларды жеткізбеген тілекке,
Өткен күнді ойлай берсең белгі көп,
Жарасы әлі сыздап тұр ғой жүректе....

Бұл өлең жолдары ардақты ағаның соғыстың ауыртпалығын бастан кешіп, ел етек-жеңін жинаған алпысыншы жылдардың басында өзінің өткен өмір жолдарынан жазылған өлең-назымынан үзінді ғана. Шайкен Мұқанжарұлы алпысыншы – жетпісінші жылдары он–он бес шақты Бұланбай ауылының бетке ұстар азаматы, ел ағасы болумен қатар табиғат сыйлаған дарынының арқасында өз жанынан өлең шығаратын және қазақтың жырлары мен қиссаларын домбыраның сазына салып той-домалақтарда жатқа айтатын әнші болған. Көптеген өлең-жырлары қағаз бетіне түскенімен, әрқилы себептермен баспаға басылмады. Соғыстың кесірінен өзі оқи алмаса да ауылдағы ағайын-туғандарының балаларын, етжақын інілерін оқытуға күш жұмсады, ақыл-кеңесін берді.

Осы Бұланбай ауылынан сонау патша заманында Меккеге зиярат қылып қажы болған (1901 жылы) Жиеналы қажы Досқожаұлы мен Өсіп қажы Самайұлының жолын жалғастырған Халел қажы Асқаров ағамыз бен аудан халқына танымал дәрігер Ғалымжан Әубәкіровті, Қызылту ауданында көп жылдар ұстаздық етіп, алдынан қоғам қайраткерлері, шаруашылық саласының майталман басшылары тәрбие алған Бидайық орта мектебінің директоры болған Әбілқайыр Ахметұлы ағамызды көпшілік біледі. Ахмет Абдрахманұлы Кеңес өкіметі алғаш орнаған жылдары ауылдық кеңестің төрағасы қызметін атқарды. Сарыкөлде (Полтавка) белгілі мемлекет қайраткерлері Жұмабай Шаяхметов, Смағұл Садуақасовпен, Ғаббас Тоғжанов бір уақытта қатар оқыған азамат еді. Он тоғызыншы ғасырдың аяғында түземдіктердің

балаларын оқыту үшін ашылған осы мектепте әкеміз Мұқанжар Омарұлы да оқыды. Столыпин саясаты қаймана қазақ баласын ата қонысынан ығыстарған дәуірде бұл мектептің қабырғасынан Бекмұхамед Серкебаев (Ермек Серкебаевтың әкесі), Нұржан Әуелбеков (белгілі мемлекет қайраткері Еркін Әуелбековтің әкесі) сынды азаматтар түлеп ұшты.

Әкемнің өзінен кейінгі інісі Ескендір Мұқанжарұлы осы ауданда совхоздың бас инженері, арнайы жылжымалы құрылыс комбинатының бастығы тәрізді қызметтерді атқарды.

Әкеміз әсіресе атамыз Мұқанжардың жан қиысқан досы болған Омар Сансызбаевпен жақсы араласты. Ол кісі совхоз орталығы Ұялыдан Бұланбай мен Жарқын ауылына пошта таситын. Ауылға келсе, Сейітке ақсақалдың немесе біздің үйге ат басын тірейтін. Әкеміз жиен ағадан естелік-әңгімелер айтуды қиылып сұрайтын. Жиен аға бір бастаса әңгіменің майын тамызып тұрып айтады және оны тыңдаған адам жалықпайды да. Әңгімесі көбіне ел-жер тарихы және біздің өңірден шыққан Смағұл Садуақасов, Ғаббас Тоғжанов, Мұқан Әйтпенев, Қошке Кеменгеров, олармен етене араласқан Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов сынды алаш азаматтарының қилы тағдырлары жайында өрбитін.

Өткен ғасырдың 20-30 жылдары Сібір жерін мекендеген қазақ тайпалары мен руларының шежіресін ел аралап жүріп зерттеген, қағаз бетіне түсірген халқымыздың біртуар азаматы Омар Сансызбаев жайында айта кеткеніміз де дұрыс. Қазақтың мандайына сыймай кеткен бір туар азаматтары Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Смағұл Садуақасов, Ғаббас Тоғжановпен, «қазақтың ірілері, Абайдың інілері Сәкен, Ілияс, Бейімбеттермен» үзеңгілес жолдас бола білген Омар Сансызбаевтың халқы үшін тындырған еңбегін біреу біліп, біреу білмес.

Өзінің төңірегіне өте қадірлі болған Омар атамыз (Омекеңді Бұланбай ауылының үлкен-кішісі «жиен аға» деп атайтын) ұлтжанды азамат болғандығы үшін 1937-38 жылдардың науқанында Сібірдегі ағайындарымыздың арасында бой тасалап аман қалған ұлт зиялыларының бірі еді. Ел ішіне 1960 жылдары оралды. Замананың бұрқасын дауылы мен қар аралас жауынын басынан кешкен Омар атамызға ағайын-туғандарының алдында туған жерінің топырағы бұйырып 1971 жылдың жазында дүниеден өтті. Омекеңнің артында кезінде өзі жинаған қазақ тарихы үшін аса құнды еңбектері мен ұлағатты сөздері қалды.

Ол кезде айтуға тыйым салынған қазақтың шежіре-аңыздары мен тарихи жауһаздарын, сталиндік зобаланның теперішін көрген алаштың зиялы азаматтары жайындағы естеліктерін ел ішіндегі жиын-тойларда әңгімелеп айтатын. Сөзге ұста, тілі шешен, әрбір сөздің тігісін жатқызып тарихи негіздемелер мен құжаттарға, шежірелерге сүйеніп тыңдаушының жүрегіне жеткізе білетін Омар ақсақалдай адам ерекше туылған тұлға еді. Ол кісінің қолжазбалары және араб ғарпымен жазылған еңбектері Алматыдағы інісі Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақ ССР-інің еңбегі сінген экономисі, бұл күнде қайтыс болған Нұрым Сансызбаев ағамыздың жеке кітапханасында сақтаулы тұр. Омар Сансызбаев атамыз тарихи қолжазба-деректерінің біразынан қиынқыстау кезеңдерде көз жазып қалғанын айтып отыратын.

Сібір қазақтарының шежіресі туралы кейінгі ұрпақтарына өшпес мұра қалдырып кеткен Омар Сансызбайұлына ағамыз Шайкен Мұқанжарұлының арнаған мына ескерткіш-толғауын Үлкен Қара Ой мен кіші Қара Ой маңайын мекендеген ағайындар мен өзге де оқырмандардың назарына ұсынуды жөн көрдім.

Бұл Ескерткіш-толғау кезінде баспасөз бетінде жарық көруге, цензурадан өтуге тыйым салынған. Өйткені бұл толғауда замананың ағысына қарсы жүзген бір адамның басынан кешкен жанкешті тағдыры мен сан қилы қиянаттардың соқпағынан өткен өмірі баяндалады.

Қымбатты жиен ағамыз Омар Сансызбайұлына ескерткіш

Сағынушы едім көрмесем,
Алаңдаушы едім келмесем.
Жүректе түйіткіл қалушы ед
Иіліп сәлем бермесем.

Ардақты асыл сөздерің,
Зиялы қарас көздерің,
Елжіреткен жүрегің,
Жаттағы жақын өзгенің.

Дария едің мынау шалқыған,
Озық едің халқыңнан.
Мен де бір балаң күйзелген
Ескерткіш жазған артыңнан.

Сәнденіп кісілік құрмадың,
Барлықты мұрат қылмадың.
Жамандықтың жолына
Ешқашан мойын бұрмадың.

Туралық еді туғаның,
Әділдік еді қуғаның.
Терең ойлы тең жорға
Өзіндей ешкім тумады.

Кемедей едің қалқыған,
Қорғасын едің балқыған.
Көргендер ләззәт алушы ед
Келбетті көркем қалпыңнан.

Білімнің асқар шыңына,
Өзгеден ерте жетіп ең.
Ел үшін еңбек етуге
Жіберсе тағдыр бекіп ең.

Жібермеді тағдырың,
Сыйғызбады білімің.
Тағдырдың істеп әмірін,
Қор болды өз өмірің.

Көр қоқыстың ішінде,
Көзге түстің алтындай.
Қорламақ болған пішінде
Надандар жүрді артыңда-ай.

Жаныңды сонда қинадың,
Қайырсыз дәулет жимадың.
Надандардан кішік боп,
Құрметтеп оны сыйладың.

Кішіліктің пайдасы,
Аман қалдың кезінде.
Ақылдың асқан айласы
Қате жоқ шығар сөзімде.

Ол кезінде жастықтың
Уыты қайтқан кез еді.
Тілеуі қабыл ағыстың
Олжа бастың өзі еді.

Қайыры болды тілектің
Оралғаның еліңе.
Жарасын жазып жүректің,
Отырдың елдің төрінде.

Торқалы тойдың қызығын
Бас болып өзің басқардың.
Салқындатып қызуын,
Сілтедің жолын жастардың.

Жалғыз ауыз сөзіңе
Жылаған көңіл басылған,
Қатыңқы қабақ өзіңе
Қараса жайнап ашылған.

Оралып келіп өзге де,
Төңірегіңе топтасқан.
Көрінбеуші еді көзге де,
Тентектер де боқтасқан.

Тентектерге ес кіріп,
Қалғаны ғой ес біліп.
Өкінемін өзім де,
Қадірінді кеш біліп.

Жамандыққа қимадың,
Жақынды жаттай силадың.
Бытырама жұртым деп,
Бір жерге қосып жинадың.

Жарқынды тозған ел қылдың,
Бөлектемей тең қылдың.
Тәрбие беріп жастарға,
Етек жеңін кең қылдың.

Өрнекті сөзің өнеге,
Жетектеген өнерге.
Өзіндей болып өзгелер
Өмірге көңіл бөлер ме?

Қадірің сондай ағажан,
Көмек жоқ әйел, баладан.
Жатқаның мынау әлсіреп,
Көзде де нұр қалмаған.

Арыс едің арыдың,
Сар төсек боп сарылдың.
Асқазанға ас батпай,
Қиналдың дүние тарылдың.

Есің бүтін, әлің жоқ,
Сөйлеуге де халің жоқ.
Қиналдың-ау, қиналдың,
Көрініп ажал мәлім боп.

Қадірлі едің, қадірлі,
Сабырлы едің, сабырлы.
Ауадай қымбат, ағажан,
Жатырсың күтіп әмірді.

Шыдаймыз-ау жан бөлек,
Түсінер сізге жан зерек.
Сөйлеу бар да, тоқтау бар,
Қызыл тіл енді не демек?

Армандама ағажан,
Орындалды арманың.
Өзіңдей көп абзал жан
Көрдің көмусіз қалғанын.

Сейфуллин Сәкен кем бе еді,
Ілияс сізбен тең еді.
Бейімбеттей жастарға
Ертерек өлу жөн бе еді?!

Қазақтың бұлар сұңқары,
Дүбірі күшті тұлпары.
Арашалай алды ма?
Солардың қалған жұрттары.

Арманың жоқ, ағажан,
Артында асқар елің бар.
Естілер атың баладан
Аяқ басқан жерің бар.

Көздерден жас тыйылып,
Қабырғалар сөгіліп,
Арманың жоқ ағажан,
Елің отыр егіліп.

Ардақты жарың Анамыз,
Әлпештеген балаңыз.
Қимағанмен еш лаж жоқ,
Амалсыз сізден қаламыз.

Жетімдікте жетілген,
Мен де бір балаң бекінген.
Әміріне Алланың,
Дұрыс болмас өкінген.

Алшақтаусыз агажан,
Екі дүние төрінде.
Тілегім сол Алладан,
Жүрегім сондай сенімде.

Риза бол еліңе,
Туып-өскен жеріңе,
Зәредейден жаралған,
Жұмақтың отыр төрінде.

Төс қағысқан әкемнің,
Қияметтік досы едің.
Жақсы жандар жәннәтта
Қосылыңдар осы елдің.


Өмірге адам тоймайды,
Тойдым дерге болмайды.
Аманатын Алланың
Бермей тағы болмайды.

Хош бол, асыл Ардақтым,
Сәулесі едің жан-жақтың.
Ортасында шырақ ең,
Аталас ауыл аймақтың.

Сөнді деуге қимаймыз,
Мөлдір жасты тимаймыз.
Қимағанмен кеш бізді,
Ескерткіш қып еліме,
Бұл бәйітті сыйлаймыз.

Ұмытпас бала ес білген,
Түсінер елің кеш білген.
Қол жайып дұға қылғанда
Бұл бәйітті естіген.

1971 жыл 28-29-30 маусым.
Шайкен (Шаһизада) Мұқанжарұлы



Есімбектің альбомына арнаймын.

Мәпелеп еркелеттім, Есім дедім,
Сен дағы еркелікке есірмедің.
Еліме аңыз болды екеуіңді,
Қор қылмай қатарыңнан өсіргенім.

Жемісін бүгін көрдім өсіргеннің,
Жақсы атын әкенің де өшірмедім.
Ауыр күн өзім көрген артта қалды,
Ал бүгін қанат жайып, төсім кердім.

Өмірі балалардың өз алдына,
Өткен күн елестейді көз алдыма.
Мысал ғой сендерге айтқан бауырларым,
Қуанам отырсаңдар төр алдында.

Тұрады бақыт шіркін ұстағанға,
Ұшуы қиын емес қыстағанда.
Ағайдың маған айтқан ақылы деп,
Сөзімді жазып қойшы альбоңыңа.

Бақытты қосағыңмен қоса ағар,
Қосағың құтты болсын Бақытжамал.
Сағынып екеуің бір хат жазғанда
Қуаныш – есіп тұрсын салқын самал.

Осымен бітіремін арнау сөзім,
Алыстан бақылайды арнап көзім.
Тілеймін екеуіңе бақытты өмір,
Тек болсын адамшылық, жақсы сезім.

Әрқашан қадірлі бол жолдасына,
Шеше біл түссе ауыр күн ел басына.
Тағы айтам ел иесі азамат бол,
Тоқтаттым, әуелде айтқан сөз басында.
Жетер-ау осы ақылым бір басыңа.

Тілектес бауырларың – Шайкен (Шаһизада) Мұқанжарұлы
20 октябрь 1968 жыл.

Есімбектің тұңғышы Сырымға Қатыннан ескерткіш

Жігіт болғанда маңдай болсын,
Жарқырап атқан таңдай болсын.
Еркелігі балдай болсын,
Тентегі жаздай болсын.

Жастығы жалын болсын,
Қол жетпес сағым болсын.
Артында аты қалар
Бойында дарын болсын.

Халқына керек болсын,
Keң қолтық зерек болсын.
Аңыз болып жақсы істері,
Құрбыдан ерек болсын.

Жақсыларды қимайтын болсын,
Төңірегіне жинайтын болсын.
Асылы тілегімнің
Ата-анасын сыйлайтын болсын.

Жаман істі бастамайтын болсын,
Әрі оны қоштамайтын болсын.
Ағайын–туыстарын,
Есінен тастамайтын болсын.

Халықтың досы болсын,
Кісілігі төмен қасы болсын.
Арнаған бөбегіңе
Өлеңім осы болсын.

Сұлудың көзінде болсын,
Ел мақтаулы сөзінде болсын.
Бөбегің ес білгенше
Бұл хатым өзіңде қалсын.

Февраль, 1970 жыл.

Жиеналы қажы Досқожаұлы (1819 – 1902)

Арғы атамыз Бұланбай батырдың шөбересі Жиеналы Досқожаұлы Сібір аймағын мекендеген қазақтардың арасында 1812-1821 жылдар аралығында Омбыдағы орыс – түзем мектебін бітіріп, патша армиясында көп жылдар бойы әскери қызмет атқарған, парсы, араб, шағатай тілдерін жетік білген екен. 1850 жылдарға дейін Кавказ өңірінде көп жылдар тілмаш, писарь болып әрқилы әскери қызметтер атқарған соң, Кенесары-Наурызбай көтерілісі басылғаннан кейін 1850 - 1873 жылдар шенінде қыр қазақтарын билеуге қолайлы болуы үшін Патша отаршылары салған Сарыарқаның Ортау, Ақтау бекіністерінде Омбы генерал-губернаторының далалықтарды басқару жөніндегі кеңесшісі болды. 1901 жылдың күз айында немере інісі Өсіп Самайұлымен бірге қажылыққа барып қайтты да 1902 жылдың жазында дүниеден өтті. Қабірі Омбы облысының аудан орталығы Полтавка (бұрынғы қазақша атауы Сарыкөл) қаласынан 5 шақырым жердегі Қазыбек деген жерде. Ол кезде ата-бабаларымыз қазіргі Омбы облысының Москаленский, Любинский аудандарының құрамына енген Жолдыөзек деген жерді қоныс қылса, Сарыкөл аймағын жаз жайлау қылды. 20 ғасырдың басындағы Столыпин реформасынан кейін Орталық Ресейден ауып келген қарашекпендер мен қаратабандар казактардың әскери күшіне арқа сүйеніп түпкілікті қоныстарынан ығыстыра бастады. Патша Үкіметінің әскери жандайшаптарынан зорлық пен зомбылық көріп шұрайлы жер-суынан айырылған аталарымыз Өсіп қажы Самайұлының ақылымен 1907 жылы «Өгіз өлген» шоғының бауырында қоныс тепті. Кейін бұл жерді дені Бұланбай батырдың ұрпақтары мекендегендіктен Бұланбай ауылы атанды. Тын жерлерді игеру кезінде XXII партия съезі атындағы кеншардың төртінші трактор-егіс бригадасы болды.

Өз заманында орыс отаршыларының қазаққа жасаған қиянаты мен сол кездегі әлеуметтік теңсіздікті көзімен көрген Жиеналы Досқожаұлының ел арасында сақталып қалған өлең-шумақтары Зейнолла Оспанұлының, Рахат Шәріпұлының аузынан жазып алынды.

Көптеген өлеңдері мен тарихи қолжазбаларын өткен ғасырдың жиырмасыншы-отызыншы жылдары Жиеналы қажының ұрпағы Ахмет Абдрахманұлы жасырып сақтап келгенін және жұрт көзінен

таса жерде ұстағанын ауылымыздың үлкен қарияларынан естуші едік.

Ен жайлап жатушы едік Жолды өзекте,
Қонысқа баянсыз боп қалдың текке.
Жөке киген мұжықтың табанында,
Басылып жатармымысың әлі көпке.

Көпірді көп шулатқан Көшім екен,
Көшімнің туған жылы мешін екен.
Басынан хан-сұлтанның бақ тайған соң,
Қазаққа осы күні несібе кем.

Жұртында хан-сұлтанның төре қалды,
Асқар тау айбынымнан төбе қалды.
Бабамның сайран салған Сары арқасы,
Орысқа бодан болып ол да қалды.

.....

Қырыққа келіп қалды менің жасым,
Ерке өскен кішкентайдан шіркін басым.
Өткен күн, қылған қызмет еске түссе,
Тығылды тамағыма ішкен асым.

.....

Малайдан жолға шықтым сексен жаста,
Бір алла – хақ жолыңды өзің қоста.
Жоқ еді қажы бару еш ойымда,
Лаухолла жазылыпты әуел баста.

Жиеналы қажы Досқожаұлы (1819 жыл – 1902 жыл).



Сібір аймағын Көшім ханның заманынан бері мекендеген Қазақ руларының шежіресі.

Керейлер VIII-IX ғасырларда түркі тайпасының құрамындағы белді рулардың бірі ретінде тарих сахнасында белгілі бола бастаған рулардың бірі. Рулық таңбасы «Х». Бұл сол дәуірде керейлердің христиан дінінің несториандық ағымын ұстанғанын көрсетеді. Араб тарихшыларының дерегі бойынша сол кездегі керейлердің саны 900 мыңға дейін жеткен. XIII ғасырда Шыңғыс хан Азия даласын мекендеген көшпелі тайпаларды бағындырған кезде керейлер елеулі қарсылық көрсетті. Бір бөлігі Абактар мен Ашамайлылар Шыңғыс ханды қолдап оның жорықтарына қатысқан. Бағынбаған тайпалар Абескун (Атырау) теңізіне қарай ойысып сол жерде тайпалық бірлік құрып кіші жүздің құрамына енді. Олар Керейіттер деген атауға ие болды. Шыңғыс ханның шапқыншылығынан бас сауғалаған енді бір бөлігі Наймандардың көсемі Даян ханды паналап найман тайпасының құрамына еніп «қара керей» атанды. «Қара» термині көне түрік тілінде көп деген мағынаны білдіреді. «Керейіт» сөзі де көпше түрде Керейлер деген мағынада. Керейлермен ежелден ауылы аралас, қойы қоралас болған Уақ тайпалары да Шыңғыс ханға біршама қарсылық көрсетіп, кейіннен осы екі тайпа оның өзге түркі тайпаларын жаулап бағындыру жорықтарына қатысып үлкен қолдау көрсетті. Ежелден бұл екі тайпаны жалпылама атаумен «Керей-Уақ» деп атайды. Шыңғыс ханның даңқын көтеріп басқа түркі тайпаларын бағындыруда көп еңбек сіңірген керей-уақ Тоғрыл хан, кейбір тарихи жылнамаларда Он хан. Еңбектерін жоғары бағалаған ұлы қаған бұларға Сібір аймағына иелік жасау үшін кең байтақ жерді бүтіндей сыйға тартқан. XIV ғасырдың екінші жартысында Тоғрыл ханның ұрпағы Сәмкеннен тарайтын Тайбұға әулеттері Сібір хандығының ірге тасын қалады. Орталығы Чимга-тура қаласы болды. Қазіргі Түмен қаласының орыны. Қаланың қабырғасы әуелде шымнан қаланған. «Тура» сөзі тұрақ немесе қоныс деген ұғымды білдіреді. Хандықтың негізін керей-уақ, қыпшақ рулары және арғынның «жеті момын» аталатын бөлігі құрады. Ресей патшалығы Сібірді жаулап алғаннан кейін осы өлкені ежелден мекендеген қазақ руларының көпшілігі ата қоныстарын қимай қалып қойды. XVII-XVIII ғасырларда олар іргелес қоныстанған татар-башқұрттармен мидай араласып ассимиляцияға түсті де Тобыл татарлары, Сібір татарлары, Бараба татарлары, Тебриз

татарлары деп атанды. Он жетінші ғасырдың екінші жартысынан бастап тілі мен ділі татар-башқұрттарға біршама жақындаған бұларды қыр қазақтары «естектер» деп атады. «Ескі тек» деген ұғымды білдіретін тәрізді.

Сібір хандығы қазақ хандығынан бір ғасыр бұрын өз алдына жеке шаңырақ құрған, негізі қазақ руларынан құралған алғашқы қазақ мемлекеттерінің бірі деп ұққанымыз жөн. Қазір кейбір тарихшылар Сібірдің алғашқы ханы болған Дәулет шахтың ұлы, Ақ орда ханы Әбілқайыр деп жүр (1428-68 ж.ж. аралығында). Ақ орда ханы Әбілқайырдың ордасы Сығанақ қаласында болды. Көне көз шежіреге сүйенсек сол дәуірде Сібір хандығына 40 жыл бойы билік жүргізген Әбілқайыр (шамамен 1396-1471 ж.ж.) Тайбұға династиясының ұрпағы Шахмардан бидің баласы. 16 ғасырдың 30-50 жылдары Абақ хан билік құрды. Абақ ханнан Нұртаза, Бекзада. Нұртазадан Ахметкерей, Жанкерей, Кошім, Тоқтамыс. Бекзададан Строгановтар тұтқындап Мәскеуге жөнелтетін Мәметқұл. Ақ орда ханы Әбілқайырдың Сығанақ қаласынан үш мың шақырым қашықтықта жатқан Сібір ханының Астанасы Чимга-тураға, оның үстіне өз алдына дербес мемлекет болған хандыққа билік жүргізуі тарихи жағынан да, географиялық жағдайға байланысты да қисынға келмейді. Бұл тарихи деректер әлі де терең зерттеуді қажет етеді.

Керей – Ашамайлы, Абақ болып бөлінеді.

Абақ – Шеруші, Молқы, Жантеке, Ителі, Итемген, Шұбар айғыр, Көнсадақ, Меркіт, Жастабан, Шимойын, Қаракас, болып он екі атаға тарайды.

Ашамайлыдан – Майқы - одан Жашты – одан Төбе – одан Жарғақ - одан Жанай –одан Танаш – Танаштан – Кешу – одан Балта, Көшебе, Сибан, Тарышы, Зибан. Зибаннан – Сырым керейлер. Сырым тайпасының ежелгі мекені Сібірдегі Сүйір мен Тобыл өзендерінің аңғары. Ресей патшалығының Сібірді жаулап алған заманында Сырымдардың бір бөлігі ашамайлы керейлердің арасында қалды да, қалған бөлігі орыстарға бағынбаймыз деп қырға ойысып Арғынның Бәсентиін руының ішіне сіңіп кетті. Тарышыдан – Қуанбай, Жиенбай. Қуанбайдан – Смайыл – одан Ақсары, Күрсары, Тезағай, Жарылғас. Ақсарыдан –Ақымбет, Тоқымбет, Нұралы, Нұрымбет, Еменалы, Бает. Жарылғастан – Ажы. Тезағайдан – Мажатай, Байтеке.

Күрсарыдан – Есеналы, Есбол. Есеналыдан – Құдайберді, Құдас, Жәбіке.

Есболдан – Сақал, Сары, Бөрке, Құрман, Дуадақ, Төбет. (кей шежіреде Сары мен Құрманды Жанкерейден таратады. Жанкерейдің әкесі Нұртаза)

Сақалдан – Меңдібай, Алтықара, Қошқар.

Төбеттен - Өтебай, Бәйімбет, Асан, Үсен.

Сарыдан – Балта, Қайдауыл, Қанатбай, Шегрек, Малай, Бақтыбай, (Малай-Бақтыбай егіз туған) Толыбай, Түктібай.

Бақтыбайдан – Кегентай, Ақжігіт, Жанжігіт, Досай, Дона, Өмір, Қарабас, Шіреншек, Шақаман.

Малай керей

Малайдан – Әйтiмбет, Бабыс.

Әйтiмбеттен – Бұланбай, Дәуiт, Жұман, Өлмесек, Бекбау, Баубек, Қыстаубай.

Бабыстан – Бұқар, Өтеп, Жолболды, Қозыбақ (Көтiбақ).

Қозыбақ (Көтiбақ) ұрпақтары

Қозыбақтан (Көтiбақ-азан шақырып қойған есімі Қозыбақ, әкесі Қозыбақ дәулетті боламын десең қозының көтiн бақ дейдi екен)) – Құдайбердi, Бекболат, Майлыбай, Жаулыбай, Жиенгүл.

Құдайбердiден – Қожан, Байсейiт. Қожаннан – Шорман, Байнияз, Санқай, Манқай (бұдан ұрпақ жоқ).

Байсейiттен – Жатай, Ыбырай. Жатайдан – Жұмабек(Бұл кісі орысша-қазақша сауатты, Омбыда губернияның кеңсесінде аудармашы болып қызмет атқарған). Ыбырайдан – Сүлеймен – одан Ыбыкен – одан Әміржан (Омбы облысы, Еңбекші қазақ колхозы-Байнияз ауылында колхоз басқармасының төрағасы болған).

Байнияздан – Шөмек, Әубәкір, Сыздық. Шөмектен – Шахмет одан Зейніш (экономика ғылымдарының кандидаты), Зейнолла, Шаймұрат, Мағзұм, Мәжікен (тарих ғылымдарының кандидаты), Ескендір.

Зейніштен – Марат, Бауыржан, Жанна. Зейнолладан – Болатхан, Бибігүл, Бейбіткүл, Азамат, Мұрат (Омбы облысы, Боголюбовқада тұрады). Мағзұмнан – Самат. Шаймұраттан – Нұрлан, Серік, Алмагүл. Ескендір мен Мәжікеннен қыз балалар бар.

Байнияздың Әубәкірінен – Садық – одан Тапи, Хамзе. Хамзенің екі баласы Сапарбек пен Болат Омбыда тұрады.

Байнияздың Сыздығынан – Қажымұрат – одан Сейілбек, Сейілхан, Нұрлан

Саңқайдан – Хүсейін, Уса. Хүсейіннен – Ақан, Нұрым. Ақаннан – Қайырбек. Нұрымнан – Болат, Зинат (Омбы облысы, Шереметьевқада мектеп директоры), Күләш.

Усадан – Сағындық – одан Балтабай.

Шорманнан – Қалы – одан Сарыбай – одан Шамшиден – оның балалары Қызылтуда тұрады. Байнияз ұрпақтарының шежіресін жазып берген Зейніш Шөмеков ағамыз.

Бекболаттан Жандос – одан Бисары қажы, Жолбарыс. Бисары қажыдан (патша заманында қажылыққа барған) Темірбек, Әбікен, Әбілқаш, Ермұхаммед. Темірбектен – Мұхамедсапа (соғыста кетті), Мұхамедияр, Шаяхмет – одан Жұмабек. Мұхамедиярдан – Шайзаман, Сейіл. Әбікеннен – Қамбет, Смағұл. Қамбеттен – Зейніш. Смағұлдан – Сапар. Әбілқаштан – Қоқан – одан Рысбай.

Жолбарыстан - Әлі – одан Күлмеш, Абілхамит (Аңқа).

Майлыбайдан – Қазымбет – одан Тоғжан, Бекжан, Бектібай, Төлеміс. Тоғжаннан – Садуақас, Ілияш, Аргын, Әбіл. Садуақастан – Нүрке, Асқар, Нұғман, Ғаббас (Ғаббас Тоғжанов, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ әдебиеті мен театрының сыншысы, Қазақстан жазушылар Одағының алғашқы төрағасы, 1937 жылы қарашада Мәскеуде, Кремльден шыққан бетінде НКВД жендеттері ұстап әкелді де атып тастады. Артында төрт жасар ұл баласы қалды. Оның тағдыры осы күнге дейін белгісіз. Смағұл Садуақасов екеуі алғашқы рет 20-30 жылдары қазақ баспасөзінде көп пікірлікті қолдаған, әлі күнге дейін осы екі қайраткердің арасындағы саяси көзқарастары мен қайшылықтарын түбегейлі зерттеген адамдар жоқ. Қазақтың дербес мемлекет болғанын армандағандар.), Оқап, Қайдар. Нүркеден – Тұрлыбек, Нұрбек, Қайырбек. Нұрбектен – Ғаббас. Нұғманнан – Әнуар – одан Уақит.

Ілияштан – Нұрғали, Қалижан, Мұқаш, Мұқамед-Рақым (Бәйлан), Рахметолла (Санкт-Петербургта). Нұрғалиден – Мұратбек жездеміз. Қалижаннан – Есләмбек (Болтай), Ақметжан (Ақыжан, Ахметжан Қазымбетов, Қазақ ССР-нің спортына еңбегі сіңген қайраткер, халықаралық дәрежедегі спорт шебері. әлемнің, КСРО-ның бірнеше дүркін чемпионы. Өмірінің соңғы жылында «Қайрат» спорт қоғамының төрағасы болды. 1979 жылдың мамырында Кишинев қаласында жұмбақ жағдайда мерт болды). Есләмбек

жездемізден – Дәулет, Сұңғат, қыздары Айман, Майра, Зәуреш, Сәуле. Мұхамед-Рақымнан – Мұқаммет, Үмөт, Рамазан.

Арғыннан – Хамзе, Рақымжан, Смағұл. Хамзеден – Шайкөк. Рақымжаннан – Есмұқан, Шаймұрат.

Әбілден – Аманжол, Мұқамедияр. Аманжолдан – Шайзада, Шайзаман, Таймыс, Тілеген, Талғат, Ермек. Мұқамедиярдан – Шәріп.

Бекжаннан – Құлжабай, Батан, Баян, Бурабай. Құлжабайдан – Смағұл – одан Шаймерден, Шаяхмет. Батаннан – Тыныбай – одан Ғабдолла (Қапан). Баяннан – Нұрмағамбет. Бурабайдан – Жәкуда.

Бектібайдан – Нөгерттай – одан Махамбет – одан Қаумет.

Төлемістен – Ес, Сүлеймен, Ыбырай. Ыбырайдан – Темірболат, Темірбай – одан Шаймұқан.

Жиенқұлдан – Жантемір, Шағрай, Токана. Байғонды.

Жантемірден Арыстан, Жусан. Арыстаннан – Омар, Жұмағұл. Омардан – Нығмет – одан Рахметолла, Гинаятолла, Серікбай, Мұратбек, Назымбек. Жұмағұлдан – Бейсембай – одан – Құсайын, Жақия қажы. Құсайыннан Ыбырайым, Жақия қажыдан – Абдолла, Қайролла, Зейнолла, Сейфолла. Жусаннан – Әлім, Тұрабай, Дүбәкір. Әлімнен – Өтебай, Арон – одан ұрпақ жоқ. Өтебайдан Рақымжан, Қаби. Рақымжаннан – Қазбек..., Тұрабайдан – Садуақас молда – одан Смағұл (Смағұл Садуақасов-алаштың азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері, 1933 жылы небары 33 жасында Кремльдің ауруханасында қазалы болды, соның алдында ғана сапсау жүрген жігіт аяқ астынан қалай кайтыс болғаны әлі күнге дейін белгісіз), қызы Орынбасар. Дүбәкірден – Әбіжан, Қайыржан. Әбіжаннан – Таскен, Аман, Айтан, Аманжол. Қайыржаннан – Мұқажан – одан Арман.

Шағрайдан – Рүстем, Бажак, Қарымсак. Рүстемнен – Жанан, Қанан. Жананнан – Қайыргелді – одан – Балтабай, Қайыржан, Қалай. Қананнан – Сыздық – одан Дәйке. Бажактан Смағұл – одан әрі ұрпақ жоқ. Қарымсактан – Әлжан, Әбілда. Әлжаннан – Қабыш, Зейкен. Әбілдәдан – Әмен – одан – Нұрбек, Сайран, Ескендір.

Тоқанадан – Қуаныш, Сәрсен. Сәрсеннен – Әбілда, Баймағамбет-Әбілдадан – Хамзе, Қадыр, Әбділкәрім. Хамзеден – Кеңес, қыздары Әлия, Әсия, София, Күләш. Әбділкәрімнен бала жоқ. Қадырдан – Нөгербек одан Тимур, Марат, қызы Сабира. Баймағамбеттен – Түрғанбек – одан Кәукен ағамыздың жалғыз қызы Қайыркештен (азан шақырып қойған есімі Қайыржамал) туған жиендеріміз Мұхамеджан, Мырзабек, Мырзаболат, Марат,

Боранбай, қыздардан – Ғалия, Қағира, Айман, Айгүл .
Мұхаметжаннан – Ринат. Мырзабектен – Амангелді, Гүлмира,
Альмира. Мырзаболаттан – Дархан, Динара, Диана, Дамира,
Акбота. Боранбайдан – Мәдина.

Байғонды – ол Тоқанадан енші алған. одан екі ұл – Жібіке,
Баймұрат. Жібікеден – Қоңқай (шын аты Мұхамеджан) – одан
Тұрған. Тұрғаннан бес ұл бар. Баймұраттан – Есенберді, Жүніс,
Жанәбіл. Есенбердіден – Зұлқарнай, Жүністен – Ескендір.
Жанәбілден – Мұталлап, Назымбек.

Бұқар ұрпақтары

Бұқардан – Сапық, Отар, Жаманқұл, Босалдақ.

Сапықтаң - Сарқазақ, Пұсырман. Сарқазақтан – Жашке одан -
Әбілда одан – Абдрахман одан Айтым (филология ғылымдарының
докторы). Пұсырманнан – Аяш. Отардан – Жоламан, Әбетей.
Босалдақтан – Жанбатыр, Сәуірбай, Көлебе. Жанбатырдан – Темір
одан – Қасен. Сәуірбайдан – Иса одан Қасым. Көлебеден –
Бектемір. Бектұров Шәбікен Кәрібайұлы – филология
ғылымдарының докторы Алматыда тұрады. Бұқар ұрпағының
толық шежіресін осы ағамыз билуге тиісті.

Мұсайбек балалары Әбілда, Увайділда, Саяха, Балташке, Садық,
Абашке. Увайділдәдан – Дәуіт, қыздардан Күлжиян және Сара
жеңгеміз. Саяхадан Сапар. Балташкеден Мағжан. Садықтан
Қайсарбек, Жүнісбек.

Жаманқұлдан – Шоқай, Қопа, Итқумас, Байыш. Шоқайдан –
Бектұрған. Қопадан - Әлібек, Тыныбек.

Өтеп ұрпақтары

Өтептен – Кенжебай, Жаманқұл.

Кенжебайдан – Байқара, Жанқара, Жаманқара, Жанке, Байдалы.
Байқарадан – Қожахмет – одан Иманжүсіп (Мәнке,) Қабылда,
Шахма. Соңғы екеуі соғыста кетті. Иманжүсіптен - Әнуәш,
Қабиден

Жанқарадан –Секер. Жаманқарадан - Бабибек одан– Бейсенбай.

Өтептің Жаманқұлынан - Наурызбек одан– Тілеген, Тілебай,
Бұқпантай, Әлі, Мұса.

Тілегеннен - Әбен, Смақ (Смағұл), Ысқақ, Сүлеймен. Әбеннен –
Қайыржан – оның бірінші әйелі Мәрусә жеңгемізден – Мұратбек,

Ғалмұрат, Смактан – Жүсіп, Қабышке, Қабылда, Ахмедия. Жүсіптен – Жаңыл атты қызы ғана бар, Қабылданың бір ұлы Біләлді бауырына салып алған. Қабышкеден(Соғыста кетті) – Махмет, қызы Бибізат жеңгеміз. Махметтен – Мұхамедрахым, Қайрат, қыздары Нұрқадиша, Бақыт, Ләззат. Қабылдадан – Қайриден, Біләл, Рақымжан, Ахметжан қыздары Бибінұр, Ғазира, Алтыншаш. Қайриденнен – Серік, қыздары Әлия, Ақшолпан. Біләлдан – Жасұлан, Руслан, Мәншүк. Рақымжаннан – Бауыржан, Әсет, қыздары Гүлжан, Салтанат. Ахмедия молда репресияға ұшырап айдалып кетті. Тілегеннің Сүлейменінен – Ғинаятолла.

Тілебайдан ұрпақ жоқ. (Аңыз бойынша Малай-керейдің ұрпақтарын орыстар Жолдыөзектен тықсырғаннан кейін Тілеген мен Тілебай Түзкөмген, Шұңқыркөлдің айналасына тоқтайды. Сол маңайда қалың өскен ну орманның алаңқайын таңдайды. Маңайда өскен биік бәйтеректің басына бүркіт ұя салған екен. Тілебай бүркіт ұя салған бәйтеректі кеседі. Тілебайдың бәйтеректі кесіп құлатқанын естіген қызы Айбала бұл бәйтеректі кесуге болмайды, киесі соғады, бүркіт киелі күс еді дейді. Көп ұзамай айналасы бір жұманың ішінде Тілебайдың өзі де, үйелменді-сүйелменді төрт ұлы да қайтыс болады. Сол маңайдағы қалың өскен шоқ ағаш Тілебайдың қызының құрметіне Айбала атанып кетеді.)

Бұқпантайдан – Сәбді, Бәшінке. Сәбдіден – Қамбетжан одан – Есләмбек және қызы Күлбағда. Бәшінкеден – Жиенше – одан Нәжмиден (Нәжу).

Наурызбектің Әлісінен бала болмаған Бұқпантайдың баласы Жүністі бауырына салып алған. Жүністен – Масалима (Мәске) одан – Тәжиден – одан Бақытжан.

Мұсадан - Елторы одан – Жаман, Тұрлыбай. Жаманнан – Тілеу, Омар. Тілеуден – Темірболат. Тұрлыбайдан – Сәрсембек, Тышқанбай. Сәрсембектен – Шайкен, Шаймұқан. Шайкеннен – Жұмажан, Жаңбырбай, Олжабай. Шаймұқаннан – Сейпіл, Аманжол. Тышқанбайдан Әмина атты қыз ғана болған Сейпілді бауырына салып алған.

Бұланбай ұрпақтары

Бұланбайдан – Көксіл, Үйрек. Шүрек, Арал, Қашаған есімді бес ұл туады.

Көксілден – Алтай, Қаршық.

Алтайдан – Бейсенбек, Жұматай, Қарынбай.

Бейсенбектен - Әбілда, Сыздықай.

Әбілладан – Шамке (Шамшуали) – одан Бекзада, Рамазан.

Сыздықайдан – Ербол (Ерболат) – одан Нұрым, Манарбек, Марат, Шыңғыс.

Жұматайдан – Шөкөнай (Жүніс) – одан Наурызбай әрі қарай ұрпақ жоқ. Қарынбайдан – Мұхиден одан ұрпақ жоқ жастай қайтыс болған.

Көксілдің Қарпығынан – Самай – одан Өсіп қажы, Омар, Сәрсенбек. Өсіп қажыда бала болмай інісі Омардың үлкен ұлы Жүніс пен қызы Әтиманы баурына салып алған. Сәрсенбектен - Әлбархан – одан Ғабдрахман (Кәукен бапамыз), Нұртаза. Ғабдрахманнан – қызы Қайыркеш. Нұртазадан – Наурызбай (Науан) Алматыда тұрады және қызы Майра (Жаңа ауыл совхозында бас бухгалтер болып қызмет істеді).

Омардан – Жүніс, Мұқанжар, Әубәкір, Сыздық, Кеңке, Кәрібай және қыздары Әтімә, Бәтімә, Рабиға, Сәлима

Жүністен – Қабдолла, Асқар (Қалиасқар), Қайролла, Зейнолла қыздан Батима. Қабдолладан үл бала жоқ жалғыз Қамар апамыз ғана, Асқардан – Сұлтан (Сұлтанмахмұт), Халел қажы, Сапар, Қайыржан, Қайырбек және қызы Зәбира. Сұлтаннан – Төлеген, Құрманғазы (үйленгесін екі айдан кейін кенеттен қайтыс болды), Сабыржан. Төлеген де жастай қайтыс болды артында Қарлығаш атты келінімізден Серік есімді 1984 жылы туған үл бала қалды, қыздары Нәзира, Зәуреш, Айгүл, Нүргүл, Бибігүл. Зияда. Халел қажыдан – Амангелді, Аманжол, Дәулет, қыздары Алтынай, Алмагүл. Сапардан – Қазбек, Біләл, Есләм, қыздары Салтанат, Сағадат, Бағдат.

Қайролладан – Аралбек, Асылбек.....

Зейнолладан – Нұрбек....

Мұқанжардан – Мұхамеджан (соғыста кетті), Шайкен (Шаһизада) Ескендір, Есімбек қыздары Балқия, Марфуға. Шайкеннен – Есенгелді, Шалқарбек, Төлеміс, Ғаділжан, қыздары Гүлімжан, Айымжан, Мақпал. Есенгелдіден – Нұрлан, Ерлан, қызы Әсем. Нұрланнан – Нұрдәулет, Ерланнан Нұрсұлтан. Шалқарбектен – Жанар, Әйгерім, Жұлдыз (Анель) есімді қыз балалар бар. Төлемістен – Қуаныш, Айтжан және Тәттіжан, Гүлден атты екі қыз. Ғаділжаннан – Саян, Сайын, Руслан. Ескендірден – Ермек, Марат, Шынарбек және Ақбота есімді қыз. Ермектен – Асет және қыздары Әсел, Альмира, Алина. Мараттан – Медет, қыздары Мейрамгүл, Меруерт. Шынарбектен - Әділет қызы Әйгерім.

Есімбектен – Сырым, Нұрым, Дәурен қызы Еркежан. Сырым бойдақ, Нұрымнан қыздары Аян, Ұлпан. Дәуреннен – Асылбек, Нұрқан. Әубәкірден – Ғазиз, Ғалымжан және қызы Күлбану. Ғазизден – Дәуренбек, Манарбек, Талғатбек, Назымбек қыздары Қатпа, Рауза, Әлия, Ләззәт. Дәуренбектен – Дулат. Ғалымжаннан – Бауыржан, Серік қыздары Бағдат, Баян, Гүлнар. Бауыржаннан – Тимур, Бейбіт. Сыздықтан – Бақытжан, Шайсұлтан қызы Айман. Бақытжаннан – Марат, Болат, Әлібек, Жәнібек, Рүстем, Дулат қыздары Ырысжан, Райхан, Бөпежан. Шайсұлтанның Гүлзира атты татар әйелінен жалғыз Гүлден есімді қызы болды да сөбиінде қайтыс болды. Кәрібайдан – жалғыз Бағлан апамыз (Балқадипша) ғана жездеміз Қанағат одан үш жиеніміз бар Ділфуза, Динара, Гүлнар.

Бұланбайдың Үйрегінен – Жантөбет, Маңтөбет, Жаман. Жантөбеттен – Абдрахман (Көшім), Ыбырай және Қожатай – одан Смағұл одан ер бала жоқ қызынан Мұхамедияр молда туған. Ыбырайды жігіт шағында орыстар атып өлтірген. Абдархманнан Садық – одан Сейілбек, Меңдібай. Қыздары Бибінүр, Бағдат. Маңтөбеттен – Төлежан, ол Қоңырқұлжа төреге хатшылық қызмет көрсетіп аты шықты да кейін орыс әйелін алып шатасты. Жаманнан – Сүлеймен – одан Қойбағар, Дәулет. Қойбағардан Әшәт Омбыда тұрады. Дәулеттен – Қайыргелді. Бұланбайдың Шүрегінен – Базар, Назар. Базардан – Жүсіп, Мұса (би атаң). Жүсіптен – Шалабай – одан Оспан – одан Зейнілқабиден, Зейнолла, қызы Балкен (Балқадипша). Зейнілқабиденнен – Жексенбай, Жақсыбай, Болтай, Ақылбай қыздары Күлбарам, Гүлбаршын. Жексенбайдан – Ғибрат, қыздары ..., Жақсыбайдан – Мейрам, Тілек, Жарас, Алмас. Зейнолладан – Сәттібай, Наурызбай қыздары Кәусар, Гүлнар, Мәдина. Мұсадан – Иманбек, Ыбырай, Нұрбай. Иманбекті әннен дейді екен одан Гүлсім атты жалғыз қыз. Ыбырайдан Сейфілмәлік (Қоңырбай атамыз) – одан Қайролла – одан Базарбай, Абай, Дәулет, Болат. Шүректің Назарынан – Қожабай (өз заманында аттылығы да, азулығы да есесін жібермеген тентек адам болыпты, Торсан балаларымен ұстасатын осы Қожабай «Есенеі Торсанды тағына отырғызса, мен боғына отырғыздым» деп адам баласының ойына

келмейтін көзсіз ерлікке барған адам. Ол жеке әңгіме), Өміртай (Бақсылық құрған ұрпақ жоқ), Бақай, Жетім. Қожабайдан Сәлима атты бір қыз болған ұл бала жоқ. Бақайдан - Әбілда – одан Құсайын (соғыста кетті).

Жетімнен – Сейітқазы, Абдрахман (Шоқпыт атамыз) Сейітқазыдан бала жоқ. Абдрахманнан – Қасым (соғыста кетті), Қали. Қасымнан – Теміржан, Қайыржан. Қалидан – Қайыргелді, Қасен.

Бұланбайдың Аралынан – Досқожа, Шыныбай. Досқожадан – Ералы, Жиеналы қажы, (1819-1902 ж.ж.. Омбыдағы орыс-тузем школасын 1835 ж. бітірген. Кейін Орынбордағы Неплюевтың кадет корпусында оқыды. Патша армиясының жоғары шенді офицері. 19 ғасырдың 40-50 жылдары Ортау, Ақтау деген жерде ояздың кеңесшісі болып, одан кейін Түркістан губернаторлығында қызмет атқарған, 1901 жылы немере інісі Өсіп Самайұлымен бірге қажылыққа барған) Қонақбай, Садақбай. Ералыдан – Абдрахман, Әбіш. Әбіш жігіт ағасы болған шағында қазалы болды артында ұрпақ жоқ. Абдрахманнан – Рақым, Кәрім, Ахмет, Махмет, Қасен. Қасеннен бала жоқ. Рақымнан – Айдархан, Мұталлап, Абылай, Айдарханнан – Бүркіт, Райхан, Сейілхан. Мұталлап пен Абылайдың балалары Омбы облысында тұрады. Кәрімнен ұрпақ жоқ. Ахметтен Әбілқайыр, Асай, Мұрат. Әбілқайырдан – Абай, Нұрлан, Қуаныш, Болат қызы Ғайныл.

Асайдың балалары Омбы облысында, Мұраттың балалары Ұялыда тұрады. Махметтен Әбіжан, Әбу, Әлжан (СА қатарында болып Монғолияда қазалы болды, жас кезінен палуандыққа түсті). Әбіжаннан Бауыржан, Бейбіт тағы балалары бар қызы Шолпан, олар Алматыда тұрады. Әбуден Айнұр есімді қыз ғана бар.

Қонақбайдан – Уәйіс – одан Ақан атаң (Мұхамеджан) – одан Абай, Алтай, қыздардан Наушарбан, Раушан, Күлжиян.

Бұланбайдың Қашағанынан – Қоблан, Қожамбек – олардан ұрпақ жоқ.

Дәуіт балалары (Төрегелді)

Дәуіттен – Мырзағұл, Мырзабек, Үкі, Бокты.

Мырзағұлдан – Дәулеткерей, Жасақбай. Дәулеткерейден Мейірманов Жұмажандар, Жасақбайдан – Аубакиров.

Мырзабектен - Қазы, Бабай одан Ілияс, Жүсіп, Ысқақ. Ілиястан – Қайыржан, Шаймұқан. Қайыржаннан – Баймұқан, Ғалмұқан,

Нұрмұқан (Никон). Жүсіптен – Хасен одан – Серік, Шайдолла, Амангелді. Ысқақтан ұрпақ жоқ.

Үкіден – Оразалы, Нұрпейіс. Оразалыдан – Жүніс, Мұсалима. Нұрпейістен – Шахмет, Әбу.

Боқтыдан – Сүлеймен, Бөпежан, Данияр, Айса, Жақып. Сүлейменнен (Сүлеймен қайтыс болған соң жеңгесін Бөпежан алады) Әлібай, Омар, Бейсембай. Әлібайдан, Садуақас, Сәкен. Садуақастан – Төрежан жездеміз – одан Қасым – одан Анаргүл, Салтанат. Сәкеннен – Теміржан – одан Жанаргүл. Омардан – Мұсахмет, Ғабдолла. Бейсембайдан – Тәжиден – одан Қазыбек, Талғат, Жанат, Абзал, Майра, Гүлнар.

Жақыптан – Мұсабай, Мұсайбек, Әлібек, Әлке, Әбдірахман, Атығай, Әубәкір, Әбілда. Мұсабайдан – Шалабай, Құдабай. Шалабайдан – Мұхамедияр – одан Ермек – одан Арман. Құдабайдан Нығмет, Мират. Мұсайбектен – Қабылда – одан Жұмажан. Жұмажаннан – Мұратбек, Төлеген, Тілеген. Құдабай соғыста кетті Мират Құдабайдың фамилиясында.

Әлібектен – Өсіп, Жүсіп, Құсайын. Өсіп соғыста кетті. Құсайыннан Максұт. Жүсіптен – Мағауия, Машкебай (Мәжит) Мағауиядан – Сәбит, Машкебайдан – Балташ – одан Тельман, Азамат, Фибрат. Дәуіт ұрпақтарының шежіресін Омбы облысы, Мариановка ауданы, Қара терек ауылының (Коньзавод – 40) тұрғыны Омарұлы Ғабдолладан (жалған аты Далабай) Сәкенұлы Теміржан жазып алған. Жалпы Малай-керейдің шежіресі алаштың ардақтылары Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Смағұл Садуақасовтардың көзін көрген, солардың арнайы тапсырысымен құрылған ғылыми-этнографиялық экспедицияның құрамында 1920 жылдары жинастырған ғұлама ақсақалымыз Омар Сансызбайұлының мәліметі негізінде және Зейнолла Оспанұлының айтуымен қағаз бетіне түсірген Шалқарбек Шайкенұлы Кәрібаев мекен-жайы, Қарағанды қаласы (Михайловка) Мусин көшесі, 5 үй. Тел. 41-52-83, жұмыс телефоны – 42-11-07 (Қарағанды облыстық мәслихаты аппаратының бас маманы). Шежіреге кірмей қалған аталар немесе олардың ұрпақтары болса білетін адамдар өздері толықтырып осы мекен-жайға жазбаша немесе ауызша хабарласуын сұраймын.

Мұқанжаров Есімбек Омарұлы **(партия-кеңес қызметкері)**

1939 жылы 2 мамырда алты алашқа есімі белгілі азаматтардың кіндік қаны тамған жері Көкшетау облысы, Қызылту ауданының Бұланбай ауылында туды. Ұялы орта мектебін күміс медальға бітірген соң Целиноград ауыл шаруашылығы институтының агро-экономика факультетіне түсіп, 1965 жылы ғалым агроном-экономист мамандығын алып шықты. Сол жылы маман Қарағанды облысының Егіндібұлақ ауданына жолдама алды.

Қызмет атқарған жылдары.

Атқарған қызметі	Қызметке кіріскен уақыты	Қызметтен ауысқан мерзімі
1 Егіндібұлақ ауданы, Абай совхозының агроном-экономисі	06. 1965	09.1965
2 Егіндібұлақ аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары-жоспарлау бөлімінің бастығы	09.1965	10.1973
3 Аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі	10.1973	09.1975
4. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының экономика жөніндегі орынбасары	09.1975	02.1977
5 Ульянов аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы	02.1977	10.1982
6 Ульянов аудандық атқару комитетінің төрағасы	10.1982	06.1990
7 Облыстық мәдениет басқармасы бастығының орынбасары	06.1990	12.1990
8 КСРО зейнетақы қорының Қарағанды бөлімшесінің бастығы	01.1991	07.1993
9 Шаруа қожалықтарын қолдау қорының директоры	07.1993	09.1994
10 Облыстық ауыл шаруашылығы	09.1994	06.1997

басқармасының маркетинг бөлімінің бастығы

- | | | | |
|----|---|---------|---------|
| 11 | «Ұлар» зейнетақы қорының, Қазагрополюстің Қарағанды филиалының директоры | 06.1997 | 11.2002 |
| 12 | Қалалық коммуналдық базардың директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары | 11.2002 | 12.2007 |

Бірнеше мәрте Егіндібұлақ, Ульянов аудандық халық кеңесінің депутаты, 1983-1991 жылдары 4 шақырылым бойында облыстық атқару комитетінің халық кеңесінің депутаты. 1977-1990 жылдары Ульянов аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, 1983 жылдан бастап облыстық партия комитетінің мүшелігіне кандидат, облыстық партия комитетінің тексеру комиссиясының мүшесі.

«Құрмет белгісі» орденімен, «Ерен еңбегі», «Еңбек данқы», «Тың жерді игергені үшін», «Тыңға 50 жыл» және тағы басқа да мерекелік медальдармен Үкіметтің көптеген төсбелгілерімен марапатталған. Облыстық атқару комитетінің, облыстық кәсіподақтар комитетінің «Құрмет грамоталарымен» марапатталған.

